



## АҚПАРАТТЫҚ ХАБАР

2018 жылғы 22 ақпан

### Ұлттық Банк Төрағасы Данияр Ақышевтың дәстүрлі онлайн-конференциясы өтті

Ұлттық Банк Төрағасы Данияр Ақышевтың дәстүрлі онлайн-конференциясы бүгін Алматы қаласында өтті. Конференция басталғанға дейін 300-ден астам сұрақ келіп түсті, оларға Данияр Ақышев үш сағат ішінде онлайн режимінде жауап берді.

Онлайн-конференция басталуы алдында Данияр Ақышев іс-шараға барлық қатысушылармен амандасып, белсенді қатысқандары үшін ризашылығын білдірді. «Бұл сұрақтар қоғамның Ұлттық Банк қызметіне, еліміздегі экономикалық процестерге қызығушылығын көрсетеді. Біз барлық келіп түскен сұрақтарға жауап береміз, ақпаратпен қамтамасыз етеміз және орын алып отырған жағдайдың мән-жайын түсіндіреміз», - деді Д. Ақышев.

Қаржы реттеушісінің басшысы онлайн-конференцияның басында қаржы нарығындағы ағымдағы жағдай туралы қысқаша ақпарат берді.

Ол қаңтарда жылдық инфляцияның 6,8%-ға дейін төмендеуі жалғасты, бұл 2018 жылға белгіленген жаңа дәлізге (5-7%) сәйкес келеді деп атап өтті. Қаңтардың қорытындылары бойынша инфляциялық күтулерді бір жыл бұрын сандық бағалау 6,6% болды, ол іс жүзіндегі инфляцияның мәніне сай деңгейде тұр.

«Ұлттық Банктің алтынвалюта резервтері, алдын ала деректер бойынша, қаңтарда 31,7 млрд. АҚШ долларына дейін 3,2%-ға ұлғайды. Ұлттық қордың шетел валютасындағы активтері 58,3 млрд. АҚШ доллары болды. Елдің жалпы халықаралық резервтері 90,1 млрд. АҚШ доллары немесе ІЖӨ-ден 57%-ға жуық болды», - деді Д. Ақышев.

Сондай-ақ 16 қаңтардан бастап базалық мөлшерлеме 9,75%-ға дейін төмендегенін және базалық мөлшерлеме енгізілген сәттен бастап оның деңгейі алғаш рет бір мәнді шамаға жеткенін атап өтті.

Ол бұдан әрі ақша нарығындағы жағдай туралы айтты. «Ақша нарығында артық теңге өтімділігі сақталып отыр. Қаңтар соңында өтімділік алу операцияларының нетто-сальдосы 3,2 трлн. теңге болды. Ұлттық Банктің қысқа мерзімді ноттары өтімділікті реттеудің негізгі құралдары болып қалуда. Қаңтар соңында айналыстағы ноттар көлемі 4 трлн. теңге болды», - деді қаржы реттеушісінің басшысы.

Д. Ақышев 2018 жылы Ұлттық Банктің барлық құралдары бойынша кірістілік төмендеуде екендігін атап өтті. Өткен жыл соңында ноттар бойынша ең жоғары мөлшерлеме 9,43%, ақпанда 9,02% болды.

«Валюта нарығында Ұлттық Банк еркін өзгермелі айырбастау бағамы режимін ұстануда. Ағымдағы жылы теңге нығаюы байқалып отыр – жыл басынан бері 4%-ға, бір доллар үшін 318,99 теңге. Бұл мұнай нарығындағы жағымды конъюнктура аясында орын алуда. Сондай-ақ ақпанда салық төлемдері кезеңіне орай теңгеге сұраныс ұлғайды», - деп түсіндірді Д. Ақышев.

Сондай-ақ ол банктердің экономикаға кредит беруі қалпына келуде екенін атап өтті. «Ағымдағы жылғы қаңтарда жаңа кредиттерді беру көлемі 830 млрд. теңге болды. Бұл 2017 жылғы қаңтардағы көрсеткіштен 44%-ға көп. Қаңтарда кредиттер бойынша мөлшерлеме 14,7%, бизнес кредиттері бойынша – 13,4% болды. Ағымдағы жылғы қаңтарда тартылған салымдар көлемі 2017 жылғы қаңтармен салыстырғанда 20,8%-ға ұлғайды. Шетел валютасымен салымдар 7,8 трлн. теңгеге дейін 7%-ға төмендеген кезде, теңгемен салымдардың жалпы көлемі 9,4 трлн. теңгеге дейін 2,1%-ға өсті. Нәтижесінде депозиттерді долларландыру 45,4%, о.і. жеке тұлғалардыкі – 51%, заңды тұлғалардыкі – 40% болды» - деді Д. Ақышев.

Ұлттық Банк Төрағасы банк секторының жиынтық активтері 1 ақпанда 23,8 трлн. теңге болғанын айтты. Жұмыс істемейтін қарыздар үлесі банктердің несие портфелінен 9,8% болды. Банк секторының меншікті капиталы қаңтарда 5%-ға азайып, 1 ақпанда 2,9 трлн. теңге болды.

«Сақтандыру және қайта сақтандыру ұйымдары активтерінің жиынтық көлемі қаңтарда 934 млрд. теңгеге дейін 0,8%-ға ұлғайды. Сақтандыру резервтері 478,4 млрд. теңгеге дейін 3,9%-ға өсті. Салымшылардың жинақтаушы зейнетақы жүйесіндегі жинақ ақшасы жыл басынан бері 0,4%-ға өсіп, 1 ақпандағы жағдай бойынша 7,8 трлн. теңге болды», - деді Д. Ақышев.

#### **Қаржы секторын «қайта іске қосу» шеңберінде Ұлттық Банк Мемлекет басшысы алға қойған міндеттерді шешу үшін жұмыс істеуде - Д. Ақышев**

Қаржы секторын «қайта іске қосу» шеңберінде Ұлттық Банк Мемлекет басшысы алға қойған міндеттерді шешу үшін жұмыс істеуде. Банк секторының қаржылық орнықтылығын арттыру бағдарламасы іске асырылып жатыр. Бұл туралы Ұлттық Банк Төрағасы Данияр Ақышев бүгін Алматы қаласында өткен дәстүрлі онлайн-конференция барысында айтты.

«Бүгінде дағдарысқа қарсы шараларды табысты іске асырғаннан кейін біз Ұлттық Банк тарапынан қадағалауды күшейтуге көшеміз. Банктердің жоғары сақ болу саясатын ынталандыру тәуекелге бағдарланған қадағалау мақсаты болып табылады. Заңнамаға тиісті түзетулер Үкімет пен Парламенттің қарауына жіберілді», - деді Д. Ақышев онлайн-конференцияның қатысушылары алдында сөйлеген сөзінде.

Ол бағалы қағаздар нарығының тартымдылығын арттыру шеңберінде Үкімет пен Ұлттық Банктің қор нарығын дамыту жөніндегі 2018-2022 жылдарға арналған бірлескен іс-қимыл жоспары қабылданғанын, онда қор нарығын реттеуді ырықтандыру, мемлекеттің экономикаға қатысуын азайту, нарықтық бәсекелестік баға белгілеуді қалыптастыру және зейнетақы активтерін басқарушылар институтын құру бойынша бірінші кезектегі іс-шаралар айқындалғанын атап өтті.

«Бірқатар шаралар іске асырылды. Мәселен, эмитенттердің қор нарығына шығу және бөлшек инвесторлар үшін сауда-саттыққа қолжеткізу рәсімдерін жеңілдету, брокерлердің қызметін елеулі түрде ырықтандыру және банк холдингтерінің инвестициялық мүмкіндіктерін кеңейту KASE-де бағалы қағаздармен сауда-саттықтың жандануына алып келді», - деді Д. Ақышев.

Ол басты төрт міндетті шешуге: сақтандыру нарығының қаржылық орнықтылығын қамтамасыз етуге, сақтандыру қызметтерінің өңірлік қолжетімділігін арттыруға, сақтандыру өнімдерінің сапасын арттырып, құнын төмендетуге, сондай-ақ сақтандыру қызметтерін тұтынушылардың құқықтарын қорғауды күшейтуге бағытталған сақтандыру нарығын дамыту үшін заң жобасы әзірленді деп толықтырды.

«Аталған заң жобасында электрондық нысандағы сақтандыру полистерін енгізу

және сақтандыру қызметтерін интернет арқылы көрсету; туристік фирмалардың жауапкершілігін сақтандырудан тікелей туристерді сақтандыруға көшу; міндеттелген сақтандыруды енгізу; сондай-ақ, сақтандыру қызметтерін тұтынушылардың құқықтарын қорғауды күшейту көзделеді», - деді Д. Ақышев.

### **Үстеме капиталдандырудың арқасында көптеген қазақстандық банктердің мықтылық қоры жеткілікті – Д. Ақышев**

Ұлттық Банк өткен жылы Қалыпқа келтіру бағдарламасы арқылы банктерді үстеме капиталдандырды және қазіргі уақытта банктердің көпшілігінің мықтылық қоры жеткілікті. Бұл туралы онлайн-конференция барысында қазақстандықтардың сұрақтарына жауап бере отырып, Қазақстан Ұлттық Банкінің Төрағасы Данияр Ақышев айтып берді.

«Банктер экономиканың болмысын көрсетеді. Егер экономикада теңгерімсіздік немесе дағдарыс болса, экономиканың кез келген субъектісі ретінде банктер де сондай ауыртпалықты бастан кешіреді», - деді Д. Ақышев және ол банктердің өз салымшыларымен есеп айырыса алуы үшін сыртқы және ішкі күйзелістердің жағымсыз әсерінен қорғаныш болатын капитал және түрлі буферлер түрінде резервтер құратынын атап өтті.

Қаржы реттеушісінің басшысы отандық банктердің «жеткілікті түрде капиталдандырылғанын және банк секторы одан әрі жағымды жағынан дамитынын» атап өтті.

«Сонымен бірге қазір банктердің жаңа ХҚЕС 9 халықаралық қаржылық есептілік стандартына бейімделуі жөнінде жұмыс жүргізілуде. Бұл жаңа стандарт, оған сәйкес орын алған тәуекел емес, болашақтағы ықтимал тәуекелдер бағаланады. Бұл банктерден айтарлықтай ауқымды резервтер қалыптастыруды талап етеді, ол банктердің орнықтылығын арттырады», - деп қорытындылады Д. Ақышев.

### **Жалпы алғанда, 2018 жыл өте тыныш және Қазақстанның экономикасына тәуекел әкелмейтін жыл болады деп бағалаймын – Д. Ақышев**

2018 жылы айырбастау бағамы бойынша айтарлықтай өзгерістер күтілмейді. Бұл туралы онлайн-конференция барысында қазақстандықтардың сұрақтарына жауап бере отырып, Қазақстан Ұлттық Банкінің Төрағасы Данияр Ақышев айтып берді.

«Қазіргі кезде ішкі және сыртқы нарықтардағы ахуал қолайлы. Жалпы алғанда, 2018 жыл өте тыныш және Қазақстанның экономикасына тәуекел әкелмейтін жыл болады деп бағалаймын. Тиісінше, айырбастау бағамы бойынша айтарлықтай өзгерістер күтілмейді», - деді Данияр Ақышев онлайн-конференция барысында қазақстандықтардың сұрақтарына жауап бере отырып.

Д. Ақышев Қазақстанда еркін өзгермелі бағамның қолданылатынын еске салды: «Бұл бағамның көптеген факторларға байланысты қандай бір ықтимал ауытқуын білдіреді. Бұл бағам күн сайын өзгертін жаңа ақиқат. Осы жағдайларда белгіленген бағамға үйренген қоғам айырбастау бағамы туралы кез келген ақпаратты өте жақын қабылдайды. Бұл тақырып қоғамға қызықты, сондықтан сарапшылар және осындай мәртебеге үміткер тұлғалар өте көп болды».

Ол 2015 жылғы бағамды түзеткеннен кейін қоғамның теріс пікірлер мен жарияланымдарды қабылдау әсерінің айтарлықтай өскендігін атап өтті. Сол себепті уақыт осындай сарапшылардың көпшілігінің жете білмеушілігін көрсеткендігіне қарамастан ахуалдың нашарлауын ғана болжайтын пікір сұранысқа ие болады. «Біздің пікіріміз

бойынша оқиғалардың теріс дамуын ғана болжайтын сарапшылардың мақсаты фактілерге, аргументтерге және қалыптасқан шындыққа қарамастан, тұтастай алғанда қоғамды тұрақсыздандыру, Ұлттық Банк саясатының әрекеттерін сынау болып табылады», - деді ол.

Бас қаржы реттеушісінің пікірі бойынша қоғамға ақша-кредит саясатының жаңа режиміне үйрену үшін көп уақыт қажет.

«Қазір ақша нарығы толық қалпына келтірілді, қатысушылар ойынның анық және түсінікті қағидаларына үйреніп келеді. Ақша-кредит саясатының құралдары және трансмиссиялық тетігі біртіндеп қалпына келуде. Теңгенің бағамы түбегейлі факторлардың серпініне барабар ден қойып отыр – бұл тауар нарықтарындағы ахуал, негізгі сауда әріптестері елдері валюталарының бағамдары. Ұзақ мерзімді және орта мерзімді шекте барлық мәлімделген заңдылықтар расталды. Жекелеген сарапшылардың ахуалды қысқа мерзімді уақыт аралығында тұрақсыздандыру әрекеттері ойдағыдай аяқталған жоқ», - деді Д. Ақышев.

### **Айырбастау пункттерінің жарғылық капиталының мөлшерін көтеру олардың сенімділігі мен орнықтылығын арттыруға бағытталған – Д. Ақышев**

Айырбастау пункттерінің жарғылық капиталының мөлшерін көтеру – біздің азаматтарға қызмет көрсететін ұйымдардың орнықтылығы мен сенімділігін арттыруға бағытталған объективті және көбіне техникалық процесс болып табылады. Бұл туралы онлайн-конференция барысында қазақстандықтардың сұрақтарына жауап бере отырып, Қазақстан Ұлттық Банкінің Төрағасы Данияр Ақышев айтып берді.

Ұлттық Банк басшысы айырбастау пункттерінің жарғылық капиталының мөлшерін көтеру туралы талап соңғы рет 2010 жылы қайта қаралғандығын еске салды. «7 жыл ішінде талаптарды қайта қарау, оның ішінде азаматтарға қызмет көрсетудің қауіпсіздігін қамтамасыз ету қажеттілігі туындады. Айырбастау пункттерінің сенімді және қауіпсіз қызмет көрсетуі үшін материалдық-техникалық базасы болуға тиіс. Олар сол сияқты қылмыстық жолмен алынған ақшаны жылыстатуға қарсы іс-қимыл шеңберінде ақпаратты жария етуге міндетті. Бұл айырбастау пункттерінің тиісті техникалық жабдықталуын талап етеді. Айырбастау пункттерінің көпшілігі бұған дайын», - деді Д. Ақышев.

Оның болжамы бойынша нарықтың бұл сегментінде айтарлықтай өзгеріс күтілмейді.

### **Ұлттық Банк банктер кредиттеуді біртіндеп қалпына келтіреді деп күтеді**

Банктердің экономиканы кредиттеуінің біртіндеп қалпына келуі және кредиттер көлемі өткен жылмен салыстырғанда ағымдағы жылы артады деп күтіледі. Бұл туралы онлайн-конференция барысында қазақстандықтардың сұрақтарына жауап бере отырып, Қазақстан Ұлттық Банкінің Төрағасы Данияр Ақышев айтып берді.

«2017 жылдың қорытындысы бойынша кредиттік портфель 12,7 трлн. теңге деңгейінде сақталып, нөлдік өсу көрсетті. Дегенмен, Казкоммерцбанктің, Bank RBK және Дельта банктің көрсеткіштерін есептемегенде, қалған банктер кредиттерінің жиынтық өсуі 2017 жылы 10,8%-ды құрады», - деп мәлімдеді ҚР ҰБ басшысы.

### **Міндетті сақтандырудың барлық сыныптары үшін онлайн-сақтандыру енгізілетін болады - Д. Ақышев**

Онлайн-сақтандыру сақтандырудың барлық міндетті сыныптары бойынша дерлік іске асырылатын болады, ол Қазақстанның халқы мен бизнесін толық қамтуды қамтамасыз етеді. Бұл туралы Ұлттық Банк Төрағасы Данияр Ақышев қазақстандықтардың онлайн-конференция барысындағы сұрақтарына жауап берген кезде айтты.

«Сақтанушылар сақтандыру компанияларының интернет-ресурстары арқылы электрондық нысанда сақтандыру шарттарын жасау, яғни офиске бармай-ақ немесе агенттің қатысуынсыз, сондай-ақ сақтандыру төлемдерін алу үшін онлайн өтініш білдіру мүмкіндігіне ие болады. Клиентпен 24/7 режимде кері байланыс қамтамасыз етілетін болады. Сақтандыру ұйымдарының операциялық шығыстарын төмендету, сақтандыру агенттерінің қызметтерін алып тастау есебінен халық пен бизнеске арналған сақтандыру өнімдерінің құны төмендейді», - деді Д. Ақышев.

Ол сондай-ақ әлемдік статистиканы мысалға келтірді: «Әлемде онлайн-сатып алушылардың үлесі 40%-ды құрайды. Ұлыбританияның 70%-дан астам тұрғыны сақтандыру құжатын Интернет желісі арқылы сатып алады. Францияда полисті онлайн сатып алатын клиенттердің үлесі шамамен 50%».

### **Ұлттық Банк ақшаны криптовалютаға салмауға кеңес береді – Д. Ақышев.**

Ұлттық Банк ақшаны криптовалютаға салмауға кеңес береді, себебі салынған инвестицияны жоғалту тәуекелі барынша жоғары. Салынған ақшаның сақталуына ешқандай кепілдік жоқ. Бұл жөнінде Қазақстан Ұлттық Банкінің Төрағасы Данияр Ақышев онлайн-конференция барысында қазақстандықтардың сұрақтарына жауап бере отырып айтты.

«Біздің пікірімізше, осы саладағы жағдай криптовалютаны пайдалануға қойылатын талаптарды қатаңдату қажеттілігін талап етеді. Теңгедегі криптовалютамен операциялар жүргізуге заңнамалық шектеулер енгізу орынды деп санаймыз: тауарлардың құнын криптовалютамен көрсету, криптовалютаны төлем құралы ретінде қабылдау, криптовалютамен мәмілелерге қызмет көрсету үшін қаржы жүйесін пайдалануды болдырмау. Жалпы алғанда, бұл ұсыныстарды Үкімет қолдады. Бүгінгі күні тиісті заңнамалық түзетулерді әзірлеу бойынша жұмыс жүргізіліп отыр», - деп хабарлады Д. Ақышев.

### **Зейнетақы жинақтары артығымен жететін салымшыларға зейнетақы жинақтарын мерзімінен бұрын алуға рұқсат берілуі мүмкін - Д. Ақышев**

Зейнетақы жинақтарын мерзімінен бұрын алу мәселесі Ұлттық Банктің азаматтардың зейнетақы активтерін басқару жүйесін реформалау жөніндегі ұсыныстарының шегінде қазіргі кезде Қазақстан Республикасының Үкіметімен және бизнес-қоғамдастықпен талқылануда. Бұл жөнінде Қазақстан Ұлттық Банкінің Төрағасы Данияр Ақышев онлайн-конференция барысында қазақстандықтардың сұрақтарына жауап бере отырып, айтып берді.

«Аталған опция жұмысқа қабілетсіз жаста тұрақты кірісті қамтамасыз ету үшін зейнетақы қорында жеткілікті соманың сақталуына мүмкіндік беретін шамадан тыс зейнетақы жинақтары бар салымшыларға берілетін болады деп болжануда», - деді Д. Ақышев.

Ол алдын ала деректер бойынша Қазақстанда өмірді сақтандыру компанияларымен зейнетақы аннуитеті шарттарын жасасу арқылы зейнетақы

жинақтарын мерзімінен бұрын алу опциясын пайдалана алатын 4 мың салымшыға дейін бар екендігін атап өтті.

### **Ақпараттық ашықтық қағидаты – ҚР Ұлттық Банкінің қызметіндегі басты басымдықтарының бірі**

«ҚР Ұлттық Банкінің қызметіндегі басты басымдықтарының бірі ақпараттық ашықтық қағидаты болып табылады», – деп атап өтті онлайн-конференция шеңберінде Ұлттық Банк Төрағасы Д. Ақышев. «Қаржы реттеушісі нарықтың қатысушыларымен және қаржылық қызметтерді тұтынушылармен тұрақты байланыста болу үшін құралдардың ауқымды тізбесін пайдалануда».

Бұрын Данияр Талғатұлы Ұлттық Банктің өз жұмысында жүйелілік, айқындылық және болжамдылық қағидаттарын нақты ұстанатынын бірнеше рет атап өтті.

Д. Ақышевтың айтуынша, қабылданатын шешімдер негізінде жатқан факторларды нақты түсіндіру орталық банк пен экономика субъектілері арасындағы ақпараттық асимметрияны төмендетуге және оларда оңтайлы күтулерді қалыптастыруға мүмкіндік береді. Орталық банктің ақпараттық ашықтығы мен нарық қатысушыларының одан әрі іс-әрекеттері туралы хабардар болуы неғұрлым жоғары болса, экономика субъектілерінің ақша-кредит саясатына сенімі соншалықты жоғары және инфляциялық күтулері төмен болатыны белгілі.

Коммуникациялық ашықтық пен айқындылық саясаты шеңберінде 2017 жылы Ұлттық Банк ағымдағы қызметті жария ету бойынша 85 іс-шара ұйымдастырды, оның ішінде 19-ы Ұлттық Банк Төрағасы Д. Ақышевтың қатысуымен.

Қаржы реттеушісінің басшысы қаржы нарығындағы ағымдағы ахуал жөнінде 5 баспасөз конференциясын; Қазақстанның жетекші БАҚ бас редакторларымен 2 кездесу өткізді, олардың шеңберінде ақша-кредит саясатының негізгі бағыттары, Қазақстан қаржы секторының үрдістері және Ұлттық Банктің коммуникациялық саясаты талқыланды; сондай-ақ базалық пайыздық мөлшерлеме, валюта нарығындағы ахуал, мемлекетшілік және халықаралық іс-шараларға қатысу қорытындылары, алтын құймаларды сату жөніндегі бағдарлама және Ұлттық Банктің ағымдағы заң жобалары бойынша 12 тақырыптық брифинг өткізілді.

Сондай-ақ БАҚ өкілдерімен Ұлттық Банк қызметінің мәселелері бойынша 6 дөңгелек үстел және Ұлттық Банк Төрағасы орынбасарларының қатысуымен БЖЗҚ Қоғамдық кеңесінің 2 отырысы болып өтті.

Ұлттық Банктің өкілдері Ұлттық Банктің ақша-кредит саясатының базалық пайыздық мөлшерлемесінің деңгейін және ағымдағы бағыттарын белгілеу туралы шешімді түсіндіру бойынша сараптамалық қоғамдастықпен 6 кездесу өткізді.

«Есепті кезең үшін белсенді түсіндіру жұмысы жүргізілді, нәтижесінде: қазақстандық басылымдар үшін Ұлттық Банк басшылығының 30 сұхбаты, сондай-ақ шетелдік басылымдар үшін 5 сұхбат; қаржы реттеушісінің құрылымдық бөлімшелері басшыларының 17 сұхбаты ұйымдастырылды», - деді Д. Ақышев онлайн-конференция шеңберінде.

Ұлттық Банктің қызметін жан-жақты және сапалы хабарлау үшін Ұлттық Банктің веб-сайтын дамытуға және контентпен толықтыруға көп көңіл бөлінді: есепті кезеңде Ұлттық Банктің ағымдағы қызметі бойынша 408 ақпараттық хабар орналастырылды.

Сонымен қатар Facebook, Twitter және Instagram әлеуметтік желілеріндегі Ұлттық Банктің аккаунттары белсенді түрде жетілдірілді. Ақпараттың осы арналары бойынша пайдаланушылар қаржы секторының соңғы жаңалықтарын жедел түрде біліп, Ұлттық Банктің қызметін онлайн режимінде көре алады. 2017 жылы барлығы:

- Facebook-те мемлекеттік және орыс тілдерінде 603 пост;
- мемлекеттік және орыс тілдерінде 913 твит-хабарлама;
- Instagram-ға 273 жарияланым орналастырылды.

Ұлттық Банктің Facebook-тегі аккаунты жазылушыларының саны аталған көрсеткіш бойынша 2016 жылдан 46%-ға ұлғайып, қазіргі уақытта 9 800-ден асып отыр. Жарияланымдардың жалпы ауқымы 2016 жылдан бастап 24%-ға ұлғайып, 1 230 000 пайдаланушы белгісіне жетті. Бұл миллионнан астам адам Қазақстанның ағымдағы қаржылық ахуалы жөнінде желіде ең өзекті және маңызды ақпарат алып отырады дегенді білдіреді.

«Халықпен үнемі ақпараттық өзара іс-қимылдың маңыздылығын ескере отырып, ҚР Ұлттық Банкі «ҚҰБ Online» мобильді қосымшасын әзірледі, ол пайдаланушыға қысқа мерзім ішінде қаржы реттеушісінің құзыретіне жататын мәселелердің барлық жиыны бойынша ең өзекті ақпарат алуға мүмкіндік береді. Қазіргі таңда мобильді қосымшада 7955 пайдаланушы тіркелген. 3865 сұрақ келіп түсті», - деді Ұлттық Банк Төрағасы.

«2017 жылы Ұлттық Банктің аумақтық филиалдары да ауқымды жұмыс атқарды. Олардың міндеті әрбір жеке аумақтың ерекшелігін ескере отырып, Ұлттық Банктің қызметін түсіндіру болып табылады. Барлығы Қазақстанның облыстарында 2017 жылы баспасөз конференцияларын, брифингтерді, дөңгелек үстелдерді қоса алғанда, БАҚ өкілдерінің қатысуымен 174 іс-шара; филиал қызметкерлерінің өңірлік телевизиялық БАҚ-пен 104 сұхбаты; 165 жұмыс тәртібінде кездесулер, филиал қызметкерлерінің радиода 53 сөз сөйлеулері болып өтті. Аумақтық филиалдар қаржы секторының ең маңызды мәселелері бойынша баспасөз БАҚ-тарда 719 ақпараттық материал орналастырды», - деп атап өтті Д.Ақышев.

#### **Қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғау – Ұлттық Банктің негізгі міндеттерінің бірі**

«Тұтынушылардың құқықтарын қорғаудың тиісті деңгейін қамтамасыз ету Ұлттық Банктің негізгі міндеттерінің бірі болып табылады. Атап айтқанда, Ұлттық Банк заңнаманы жетілдіру саласында жүйелі түрде жұмыс жүргізіп келеді.

Қаржы нарығындағы ахуалға, оған сыртқы факторлардың әсеріне, тұтынушылар өтініштерінің тақырыптары мен себептеріне жасалған терең талдау негізінде соңғы 3 жылда заңнамалық деңгейде 60-тан астам түзету қабылданды», - деді онлайн конференция шеңберінде Ұлттық Банк Төрағасы Данияр Ақышев.

«Олардың ішінен:

- ипотекалық тұрғын үй қарызы бойынша мерзімі өткеннен кейін 180 күннен кейін есептелген сыйақы мен тұрақсыздық айыбын төлеуді банктердің талап етуін тоқтата тұру;
- проблемалық қарыз бойынша негізгі борышты өтеу басымдығын белгілеу;
- сыйақы мен тұрақсыздық айыбының негізгі борышына капиталдандыруға тыйым салу;
- тұрақсыздық айыбының мөлшерін шектеу түрінде ипотекалық қарыз алушылардың борыштық жүктемесінің өсуін алдын алуға бағытталған нормаларды бөліп айтуға болады.

Сонымен бірге 2016 жылдан бері, егер қарыз алушыда қарыз алуға өтініш жасағанға дейін 6 ай бойы валютамен кірістері болмаған жағдайда, оған шетел валютасында қарыздар беруге тыйым енгізілген» - деп атап өтті Д.Ақышев.

2017 жылғы 1 қаңтардан бастап қарыз алушы – жеке тұлғаның шотынан оның шотындағы және/немесе шотына түскен ақша сомасының 50%-нан аспайтын мөлшерде ақша өндіріп алуға шектеу енгізілді.

Банктердің қарыз алушыларға банктік қарыз шарттарын орындамау және тиісінше орындамау жөніндегі талаптары бойынша қуыным мерзімінің өтуін 5 жылдық мерзім деп белгілеу маңызды заңнамалық бастамалардың бірі болды.

Ұлттық Банк Үкіметпен бірлесіп банктер қарыз алушылардың қарыздары бойынша берешегін кешіруден туындаған салықтардан қарыз алушы – жеке тұлғаларды босату жөнінде шаралар қабылдады.

Коллекторлық агенттіктердің қызметі, оның ішінде олардың қарыз алушылармен өзара іс-қимыл жасау тәртібі регламенттелді, бұл берешекті сотқа дейін өндіріп алудың құқықтық тұрғыдан ашық болуына ықпал етеді.

«Тұтынушылардың құқықтарын қорғау шеңберінде ипотекалық қарыз алушылардың проблемаларын шешуге ерекше көңіл бөлінуде. Мәселен, 2015 жылы Мемлекет басшысының тапсырмасын орындау үшін Ипотекалық қарыздарды қайта қаржыландыру бағдарламасы қабылданды. Бүгінгі күні ол **23,6 мыңнан** астам қазақстандық отбасының жалғыз баспанасын сақтап қалуға, қарыз алушылардың борыштық жүктемесін айтарлықтай төмендетуге және банктер алдындағы міндеттемелерін орындау үшін оңтайлы жағдайлар жасауға мүмкіндік берді» - деді қаржы реттеушісінің басшысы.

«Президенттің 2018 жылғы 10 қаңтардағы Жолдауы шеңберінде Ұлттық Банк Қайта қаржыландыру бағдарламасын кеңейту жұмысын жүргізуде. Оған **25 мыңға жуық** валютамен қарыз алушыларды қосу, осылайша 2016 жылғы 1 қаңтарға дейін ұсынылған халықтың валюталық ипотекалық қарыздары бойынша мәселені түпкілікті шешу жоспарланып отыр», - деп атап өтті Д.Ақышев.

Азаматтарды проблемалық мәселелер бойынша қабылдау Ұлттық Банк жұмысының маңызды бағыты болып табылады. Соңғы 3 жыл ішінде Ұлттық Банк **7000** жуық азаматтарды жеке қабылдауды жүзеге асырды, қаржылық қызмет көрсету мәселелері бойынша консультация берді және құқықтық көмек көрсетті.

Сондай-ақ қарыз алушылардың банктердің және ипотекалық ұйымдардың өкілдерімен **2100** астам кездесулері ұйымдастырылды. Нәтижесінде банктер қарыз алушыларға борыштарды қайта құрылымдаудың ықтимал шарттарын ұсынды, проблемалық мәселелер бойынша ымыраға келу жолдары табылды.

Азаматтардың өтініштерін қарау Ұлттық Банк қызметінің маңызды аспектісі болып табылады. Соңғы үш жыл ішінде Ұлттық Банкке **32 600** өтініш келіп түсті. Олардың айтарлықтай бөлігі – **83,6%-ы** банк секторына тиесілі.

Банктерге, микроқаржы ұйымдарына және сақтандыру ұйымдарына қатысты анықталған бұзушылықтар нәтижесінде **358** санкция мен шектеулі ықпал ету шаралары: **79** айыппұл және **279** шектеулі ықпал ету шаралары қолданылды. Алайда, тұтынушылардан келіп түскен өтініштердің көбі азаматтардың қаржы ұйымдары алдындағы өзінің міндеттемелерін орындау бойынша туындаған қиындықтарымен байланысты екендігін атап өткен жөн.

«Ұлттық Банк осы мәселені жүйелік тұрғыдан шешу шеңберінде түсіндіру жұмысын және халықтың қаржылық сауаттылығын арттыру бойынша жұмысты жүргізіп отыр, ол сондай-ақ тұтынушылардың құқықтарын қорғаудың маңызды аспектілерінің бірі болып табылады. Соңғы бірнеше жыл ішінде түрлі іс-шаралар, телевизиялық және білім беру жобалары іске асырылды. Халықтың қаржылық сауаттылығын арттыру бағдарламасы іске қосылды, ол бірінші кезекте жастарға және халықтың әлеуметтік осал тобына қатысты», - деп қорытындылады Д.Ақышев.

Толығырақ ақпаратты мына телефон арқылы алуға болады:  
+7 (727) 270 45 85  
e-mail: [press@nationalbank.kz](mailto:press@nationalbank.kz)  
[www.nationalbank.kz](http://www.nationalbank.kz)